

ӘЛ – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

**БЕКІТІЛДІ**  
Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісі  
Философия және саясаттану факультетінің  
деканы филос.ғ.к., Б.Б. Мейірбаев

№ 1 хаттама 02.09.25ж.

**«Білім берудегі өзгерістер үшін менеджмент пен көшбасшылық»**

**ПӘНІ БОЙЫНША**  
**«8D01102-Педагогика. Білім берудегі менеджмент»**  
**МАМАНДЫҒЫНЫҢ**  
**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

1 курс, қазақ бөлімі  
5 кредит

**Алматы, 2025-2026**

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған  
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы,  
п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

« 28 » 08 2025ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Н.С. Әлқожаева

## Алғы сөз

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – **жазбаша (offline)**. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және ДӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Офлайн оқыту кезіндегі **жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн сұрақтарды әзірлеу критериялы-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың теориялық маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтихан барысында докторант емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауап береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәрісзалдарында **offline** режимінде өтеді, сондай-ақ, емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

### Емтиханды өткізу формасы:

#### СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Емтиханның ұзақтығы *2 сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл магистранттардың оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл білім алушылардың зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу докторанттардың қабілеттері бағаланады.

### **Жазбаша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:**

1. Білім берудегі менеджмент ұғымы.
2. Білім сапасын арттырудағы басқару мүмкіндіктерін ұтымды пайдалану мәні.
3. Көшбасшылықтың білім сапасына ықпалы.
4. Білім беру сапасының төмендеу себептері.
5. Өзгерістерді басқару контекстіндегі көшбасшылық.
6. Деректерді жинаудың заманауи әдістері мен әдістемелері.
7. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен енгізуді реттейтін нормативтік құжаттар
8. Білім беру ұйымын басқару саласында өзгерістер.
9. Білім беру жүйесін сараптау мен басқарудың рөлі.
10. Білім беру сапасын басқаруды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету.
11. Жоғары білім беруді модернизациялаудың негізгі бағыттары.
12. Педагогикалық процесті бақылау мен мониторингтегі басқару қызметі.
13. Білім берудегі сапаның негізгі ұғымдары мен категориялары.
14. Сапалы білім берудегі педагогтың кәсіби құзыреттілігі.
15. Білім беру жүйесін сапалы басқарудағы өзекті мәселелер.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Садвакасова З.М., Булатбаева А.А. С 14 Педагогический менеджмент: уроки лидерства: учебное пособие / З.М. Садвакасова, А.А. Булатбаева. – Алматы, 2014. – 156 с.
2. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой [Текст] - Алматы: Ғылым, 2001 – 136 с.
3. Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. /М.: Центр «Педагогический поиск», 2000.-224с.
4. Блинов, А.О. Управление изменениями : учебник / А.О. Блинов, Н.В. Угрюмова. – 2 е изд., стер. – Москва : Дашков и К°, 2020. – 304 с.  
URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=573215> (дата обращения: 29.04.2021). –
5. Юрова, О.В. Управление изменениями : учебное пособие. Ч. II / Юрова О.В., Текин А.В. – Волгоград, 2018. – 160с. с

| <div>Балл</div> <div>Критерий</div> | ДЕСКРИПТОРЛАР                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                  |                                                                                 |
|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
|                                     | «Өте жақсы»                                                                                                                                                                                                                  | «Жақсы»                                                                                                                                                                                                  | «Қанағаттанарлық »                                                                                                                                                                              | «Қанағаттанарлықсыз »                                                                                            |                                                                                 |
|                                     | 1- сұрақ – 30 балл                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                  |                                                                                 |
|                                     | 25-30 балл                                                                                                                                                                                                                   | 21-26 балл                                                                                                                                                                                               | 15-20 балл                                                                                                                                                                                      | 8-14 балл                                                                                                        | 0-7 балл                                                                        |
| Курс теориясын меңгеру және түсіну  | Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. | Сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы. | Емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы. | Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау. | Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы. |
| 2 -сұрақ – 35 балл                  |                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                  |                                                                                 |
| <div>Балл</div> <div>Критерий</div> | 27- 35 балл                                                                                                                                                                                                                  | 21-26 балл                                                                                                                                                                                               | 15-20 балл                                                                                                                                                                                      | 8-14 балл                                                                                                        | 0-7 балл                                                                        |
| Пәннен сызбалар, кестелер           | Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру,                                                                                                                                                        | Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практика-                                                                                                                                          | Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық                                                                                                                      | Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап                               | Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және    |

|                                  |                                                                   |                                                                 |                                                                       |                                                                   |                                                                 |
|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| құрастыру, ұғымдарды талдай алу. | курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы. | лық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; | дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі. | жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы. | нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. |
|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

**3-сұрақ – 35 балл**

| Балл / Критерий                                                     | 27- 35 балл                                                                                                                                                                                                                                    | 21-26 балл                                                                                                              | 15-20 балл                                                                                                                                                                                                 | 8-14 балл                                                                                                                             | 0-7 балл                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Пән бойынша алған теориялық білімді практикалық тұрғыда талдай алу. | Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау). | Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі. | Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ. | Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды. | Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді. |